3. Бірлестіктің құқықтары мен міндеттері

3.1. Бірлестіктің басшылық органдары арқылы осы жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен берілген өкілеттіктер шегінде құқықтарға ие болады және, осы арқылы міндеттерді өзіне қабылдайды.

Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Бірлестік құқылы:

1) өз қызметі туралы ақпаратты жариялауға;

2) соттарда және басқа мемлекеттік органдарда, өзге қоғамдық бірлестіктерде құқықтары мен заңды мүдделеріне өкілдік етуге және қорғауға;

3) бұқаралық ақпарат құралдарын құрылтайлауға;

4) жиналыстарды, митингтерді, көрсетілімдерді, шерулер мен пикетке шығуларды өткізуге;

5) баспа қызметін жүзеге асыруға;

6) халықаралық коммерциялық емес үкіметтік бірлестіктерге кіруге;

7) жазбаша шарттар негізінде авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілермен немесе олардың құқық мирасқорларымен Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ ұқсас құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен мүдделерге өзара өкілдік ету туралы келісімдерге сәйкес ұжымдық негізде және біржақты олардың мүліктік құқықтарын басқаруды жүзеге асыруға;

8) шығармалар мен сабақтас құқықтардың нысандарын пайдалануға пайдаланушылармен лицензиялық шарттарды жасасуға;

9) лицензиялық шарттар жасалатын басқа жағдайлар мен сыйақы мөлшерін пайдаланушылармен келісуге;

10) авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Заңға сәйкес лицензиялық шартты жасамай-ақ осы Бірлестіктің осындай сыйақыны алумен айналысатын сол жағдайларда сыйақы мөлшерін пайдаланушылармен келісуге;

11) лицензиялық шартпен көзделген сыйақыны және (немесе) осы Жарғының 3.1. тармағының 10 тармақшасында көзделген сыйақыны жинауға;

12) осы Жарғының 3.1. тармағының 11 тармақшасына сәйкес сыйақыны бөлуге және оны беретін авторлық және сабақтас құқықтардың иеленушілеріне төлеуге;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзара өкілдік ету туралы шарттар бойынша және біржақты шетелдік қоғамдармен және ұйымдармен есеп айырысуға;

14) шығармаларды пайдаланушылар есебін жүргізуге, құқық иеленушілерді және олардың шығармаларын тіркеуге;

15) басқарумен Бірлестік айналысатын құқықтарды қорғау үшін қажет кез-келген заңды әрекеттерді жасауға;

16) осы құқық иеленушілер немесе олардың құқық мирасқорлары беретін өкілеттіктер негізінде Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс авторлық және сабақтас құқықтарды пайдалануға құқықтарды табыстау туралы шарттарға қатысуға;

17) осындай шарттар бойынша тиесілі болатын авторлық сыйақыны алуға және төлеуге;

18) Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ шетелде тыс авторлық және сабақтас құқықтарды сатып алуға көмекті шартты негізде көрсетуге;

19) Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ оның шегінен тыс авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау бойынша, адвокат қызметіне байланысты болмайтын құқықтық көмекті шартты негізде көрсетуге;

20) ұжымдық негізде авторлық құқық және авторлардың мүліктік құқықтарын басқару мәселелері бойынша халықаралық ұйымдардың жұмысына белгіленген тәртіпте қатысуға;

21) өз өкілеттіктері шегінде ұжымдық негізде авторлардың мүліктік құқықтарын басқару бойынша басқа мемлекеттердің қоғамдарымен мүдделерге өзара өкілдік ету туралы келісімдер, авторлық құқықпен және сабақтас құқықтар мәселелерімен айналысатын басқа мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен өзге шарттарды жасауға;